

Сыртқы аудитор туралы ақпарат

«Самұрық-Қазына» АҚ Басқармасының 2022 жылғы 20 қаңтардағы шешіміне (№05/22 хаттама) сәйкес «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ-ның (бұдан әрі – ҚМГ) 2022-2024 жылдардағы шоғырландырылған және жеке қаржылық есептілігінің аудитін жүзеге асыратын аудиторлық ұйым болып «Эрнст энд Янг» ЖШС (бұдан әрі – Сыртқы аудитор) айқындалды.

2022-2024 жылдардағы қаржылық есептілік аудиті бойынша көрсетілетін қызметтерді ұзақ мерзімді сатып алу жөніндегі 2022 жылғы 22 ақпандағы №172-27 Шарттың (бұдан әрі – Шарт) сомасы ҚҚС-ты есепке алғанда 1 618 356 мың теңгені құрайды және аудиторлық қызметтер көрсетуге байланысты барлық шығыстарды қамтиды, оның ішінде жылдар бойынша:

- 2022 жыл – 518 432 мың теңге;
- 2023 жыл – 539 178 мың теңге;
- 2024 жыл – 560 746 мың теңге.

2022 жылы Сыртқы аудитор көрсеткен аудиторлық және аудиторлық емес қызметтер туралы ақпарат:

№	Сыртқы аудитор көрсеткен қызметтердің атауы	Қызметтердің құны, ҚҚС-сыз, мың теңге	
		2022 жыл	2021 жыл
1	Есепті кезең үшін тоқсан сайынғы шолуларды қоса алғанда, ҚМГ және оның барлық деңгейдегі еншілес ұйымдарының шоғырландырылған және жеке қаржылық есептілігінің аудиті бойынша шығыстар	1 746 696	1 877 602
2	Аудиторлық емес қызметтер		
2.1	Корпоративтік басқаруды жақсартуға байланысты консультациялық қызметтер	19 713	44 523
2.2	4400 «Қаржылық ақпаратқа қатысты келісілген рәсімдерді орындау бойынша тапсырмалар» Халықаралық аудит стандарттарына сәйкес көрсетілген ілеспе қызметтер	8 682	10 216
2.3	Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер бойынша заңнаманы қолдану және салық есебін жүргізу мәселелері бойынша консультация беру, трансферттік баға белгілеу бойынша құжаттарды дайындау, салық шығындарын бағалау	7 060	18 070
2.4	Біліктілікті арттыру бойынша оқыту, АССА (ДимИФР)	1 326	-
2.5	Орнықты даму туралы есепті верификациялау жөніндегі консультациялық қызметтер	-	18 955
2.6	Басқарушылық есептілігінің аудиті	-	426
	ҚМГ және оның барлық деңгейдегі еншілес ұйымдарының аудиторлық емес қызметтері бойынша шығыстар ЖИЫНЫ	36 781	92 190
3	Аудиторлық емес қызметтердің үлесі, %	2,1%	4,9%